



**«Ашуланған мысық»**  
 Ауымыз ашық, тілдің ұшы  
 алдыңғы, төменгі тістерге тірелген.



**«Саңырауқұлақ»**  
 Күлеміз, ауымызды кең ашып, жаппақ тілді  
 таңдайға жапсырып ұстап тұру.



**«Сағат»**  
 Ауыз ашық, тіліміздің ұшын  
 ерініміздің екі жағына кезек-кезек  
 апарамыз.




## “Күркеҭауық”



*Күлеміз, ауызды сал ашып, жалмақ тілді  
 үстіңгі еріңге қойып, еріннен тілді  
 айырмай, тілдің ұшымен алға және  
 артқа қозғалтып, үстіңгі ерінді*

## КГКП «Ясли – сад «Гүлдер» Отдела образования города Темиртау

### Артикуляциялық жаттығулар



## Артикуляциялық жаттығулар не үшін қажет?

Артикуляциялық жаттығу ерін, тіл және мимикалық бұлшық еттер қосылатын, баламен жүргізілетін әрекетті айтамыз. Артикуляциялық жаттығуды жүргізудің басты мақсаты баланы артикуляциялық аппарат ағзаларын дұрыс қимылдатуға үйрету болып табылады. Ұза әрекеттің қорытындысы дыбыстарды анық айту болып табылады. Артикуляциялық жаттығуларды жасау арқылы баланың дыбыстарды дұрыс айта алуына және сол арқылы ойын ашық жеткізе алуына көмектеседі.



## Артикуляциялық жаттығуды орындағанда...

1. Балада дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасу үшін артикуляциялық жаттығуларды күнде жасау керек.
2. Жаттығулар күніне 3-4 рет 3-5 минуттан орындаған жөн.
3. Жаттығуды отырып орындаған жөн.
4. Бала өз ауыс қуысын және жаттығуларды орындау процесін дұрыс бақылау үшін, айнаға қарап отырып жасағаны абзал.
5. Артикуляциялық жаттығуларды қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуға өту керек.



## Артикуляциялық жаттығулардың түрлері

	<p><b>«Тісті тазалау»</b> Күлемі, аузымызды сап ашып, Тілдің ұшымен оңға, солға қараптып тістердің ішкі жағынан үстіңгі тістерді тазалаймыз.</p>	
	<p><b>«Тәтті тосап»</b> Күлемі, аузымызды ашамыз. Жалпақ тілмен жоғары және астыңғы әрінді жалаймыз.</p>	
	<p><b>«Кесе»</b> Ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіп тіске тимеуі керек.</p>	

